2) в результате ненадлежащего выполнения ими возложенных на них обязанностей может наступить общественно опасное последствие — авиационное происшествие с гибелью людей и другими тяжкими последствиями.

При планировании досудебного расследования по делам об авиационных происшествиях необходимо определить перечень тех следственных и оперативно-розыскных мер, которые должны быть проведены как первоначальные неотложные действия. От умелого планирования и последовательного качественного проведения следственных и розыскных действий на каждом этапе досудебного расследования в соответствии со сложившимися следственными ситуациями во многом зависит установление объективной истины по уголовному делу и выполнение задач уголовного судопроизводства.

1) Следует провести: первоначальные следственные действия, основанные на первичных сведениях об авиационных происшествиях. Например, немедленно произвести квалифицированный осмотр места происшествия; изучить поступившие первичные материалы; опечатать или провести выемку документов, подлежащих изучению и исследованию; допросить очевидцев авиационного происшествия; произвести освидетельствование или назначить судебно-медицинские и иные виды экспертизы по делу;

2) Следственные действия. Немедленно после обнаружения авиационного происшествия установить, по возможности, на месте происшествия существенные обстоятельства, например, допросить лиц, которые находятся на месте падения самолета и являются очевидцами падения

летательного аппарата; выявить оперативным путем других свидетелей авиационного происшествия; установить личности погибших (трупов); определить владельцев предметов, вещей, обнаруженных на месте авиационного происшествия;

3) Следственные действия, вытекающие непосредственно из главного направления досудебного расследования, например, назначение и проведение экспертиз (судебно-медицинских, технических и др., в зависимости от особенностей авиационного происшествия), в результате которых могут быть установлены причины смерти, техническое состояние самолета, вертолёта и других видов летательного аппарата.

4) Следственные действия, направленные на предупреждение и пресечение новых авиационных происшествий со стороны должностных лиц, технического персонала, которые дают разрешение на полет и ответственны за техническое состояние самолета.

По результатам проведенных первоначальных действий сложится новая следственная ситуация, в зависимости от которой будет определен дальнейший ход расследования.

В целях совершенствования предупредительной, профилактической работы, качественного проведения следственных и оперативных мер по делам об авиационных происшествиях необходимо программе обучать специалистов, следователей и экспертов по специальной.

Список использованной литературы:

1. Ким Д.В. Следственная ситуация как многомерное явление // Следователь. — 2003. — № 9. — С.34; Волчецкая Т. С. Криминалистическая ситуация: Дис. ... д-ра юрид.наук. — М., 1997. — С. 73-74; Образцов В.А., Танасевич В.Г. Понятие и криминалистическое значение следственной ситуации // Советское государство и право. — 1979. — № 8. — С. 113-114; Гусельникова О. В. Типичные следственные ситуации на первоначальном этапе расследования авиационных происшествий // Вопросы студенческой науки. 2018. Вып. № 2(18). С. 118.
2. Белкин Р.С. Курс криминалистики: Учеб. пос. для вузов. — М., 2001.— С. 630.
3. Статистические данные Комитета по правовой статистике и специальным учетам Генеральной прокуратуры Республики Казахстан за 2015–2016 гг. // Электронный ресурс: <http://pravstat.prokuror.gov.kz/>
4. Время. 2019. 15 мая.
5. Закон РК «Об использовании воздушного пространства Республики Казахстан и деятельности авиации» от 15 июля 2010 г. № 339-IV (с изм. и доп. по сост. на 01.08.2019 г.).

Түйін

Авиациялық апаттар туралы істер бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізу белгілі бір қиындықтар туғызады. Бұл авиациялық техниканың күрделілігімен, сараптамалық зерттеулердің күрделілігімен, құрбандардың (жәбірленушілердің) көптігімен және т.б. сотқа дейінгі тергеу жүргізетін адам әрекет ететін нақты жағдай криминалистикада тергеу жағдайы деп аталады. Мақалада авиациялық оқиғалар мен инциденттерді тергеу кезінде туындайтын тергеу жағдайларының мазмұны егжей-тегжейлі көрсетілген. Авторлар авиациялық оқиғалар мен инциденттерге байланысты қылмыстық құқық бұзушылықтарды тергеу кезінде қалыптасқан тергеу жағдайында нақты тергеу әрекеттерін жүргізу бойынша сотқа дейінгі тергеп-тексеруді жүргізетін адамның іс-әрекеттерінің алгоритмін ашады.

RESUME

Conducting pre-trial investigations in cases of aviation accidents presents certain difficulties. This is due to the complexity of aviation equipment, the complexity of expert research, the large number of victims (victims), etc. The specific situation in which a person conducting a pre-trial investigation acts is commonly referred to in criminology as an investigative situation. The article covers in detail the content of investigative situations that arise during the investigation of aviation

accidents and incidents. The authors reveal the algorithm of actions of a person conducting a pre-trial investigation to conduct specific investigative actions in the current investigative situation when investigating criminal offenses related to aviation accidents and incidents.

ӘОЖ 343.131

Ө.А. Тұрғанов, қылмыстық құқық және криминология кафедрасының доценті, заң ғылымдарының магистрі, полиция подполковнигі

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б.Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Құқық қорғау органдарының бұқаралық ақпарат құралдарымен өзара іс-қимылы, жариялылықтың сақталуына кепіл

Аннотация. Мақалада жасалған қылмыстық құқық бұзушылықтар туралы ақпарат алуға байланысты тергеу және анықтау органдарының бұқаралық ақпарат құралдарының өкілдерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру мәселелері қарастырылады. Автор сондай-ақ Сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жариялауға тыйым салу нақты іс жүргізу жағдайымен, яғни қылмыстық істің мән-жайларын жария еткені үшін (егер адамға жария етпеу туралы ескертілген болса) немесе жасалған қылмыстар туралы мәліметтерді қасақана бұрмалағаны үшін БАҚ өкілдері қылмыстық немесе өзге де жауапкершілікке тартылатынына назар аударады. Бұл қажеттілік сотқа дейінгі іс жүргізу мәліметтерін мерзімінен бұрын немесе шындыққа сәйкес келмейтін жариялаудың қылмыстық істі тергеу үшін зиянды салдары болатындығына байланысты.

Негізгі сөздер: бұқаралық ақпарат көздері, қылмыс, тергеуші, қызмет, мәселелер, цензура, баспасөз, басылымдар, радио, теледидар, ғаламтор.

Бүгінгі күні еліміздегі жүргізіліп жатқан құқықтық реформа мемлекеттің барлық саласындағы, сонымен қатар қылмыстық сот өндірісінің саласындағы жариялылық қағидасының кең таралуын және азаматтардың құқықтары мен бостандықтарын қатаң сақталуын бекітеді. Жалпы қылмыстылықпен күресу шараларын жүргізу барысында ымырашылдық жағдайында қылмыстың үнемі өсуі, тәртіпсіздіктен сескену мен қылмыс жасаған адамдарға халықтың талғаусыз қарауының өзі қылмыспен күресудің тергеу әдістері мен тәсілдерінің жаңартуын және өркендетуін талап ететіндігін білдіреді. Осы жағдайға байланысты аталған мәселенің теориялық және практикалық өзектілігі, қылмыспен күресудегі әлемдік және отандық тәжірибені танып білу мен пайдалануда, сонымен қатар қылмысты қудалау органдарының қылмысты тексеру мен тергеуде бұқаралық ақпарат құралдарын пайдалануында байқалады.

Қазақстанда 1995 жылдан бастап ата заңымыз — Қазақстан Республикасының Конституциясы қабылданғаннан кейін жаңа өмір мен маңызды әлеуметтік қайта құру есебі басталды десе де болады. Сол сәттен бастап қазақ қоғамының өміріндегі бұқаралық ақпарат құралдарының алатын орны орта түсті. Көп жылдық цензурадан кейін баспасөз басылымдары, радио, теледидар және ғаламтор (интернет) қоғамның барлық саласына араласып, бұрынғы жабық ақпараттарды жаңарту арқылы әртүрлі ой-пікірлер туғызды.

Аталған бағытқа арналған үлкен қадам ретінде 1999 жылғы 23 шілдеде қабылданған «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасының заңын айтуға болады. Бұл заңда бұқаралық ақпаратты тарату тәртібі, бұқаралық ақпарат құралдарының (бұдан әрі — БАҚ), азаматтардың мемлекеттік органдармен өзара қарым-қатынастары, бұқаралық ақпарат органдары мен олардың қызметкерлерінің жұмысындағы басқа да мәселелер көрсетілген.

Сонымен қатар аталған заңда Қазақстан Республикасы Конституциясының 20-бабында бекітілген еркін ақпарат алу мен тарату сияқты кепілдер анықталып және кеңейтіліп, онда «Мемлекеттік органдар, қоғамдық бірлестіктер, лауазымды адамдар мен бұқаралық ақпарат құралдары әрбір азаматты оның құқығы мен мүддесіне қатысты құжаттармен, шешімдермен және ақпарат көздерімен танысу мүмкіндігін қамтамасыз етуге міндетті» деп көрсетілген Қазақстан Республикасының («БАҚ» туралы Заңының 2-бабы).

БАҚ көп жағдайларда сот өндіріс түрлерінің бірі болатын қылмыстық сот өндірісінің кейбір мәселеріне қатысты құжаттарды баспасөз арқылы басылымға шығарады. Осыған байланысты қазіргі таңда алдын ала тергеу органдарының қызметі (жекелеген жағдайларда) жариялылыққа жабық аймақ болып табылмайды. Сол себепті алдын ала тергеу органдары бүгінгі біздің тәуелсіз мемлекетіміздегі жариялылық пен демократиялық жағдайында өздерінің кәсіби мінез-құлықтарын көбірек тәрбиелеулері қажет. Себебі бүгінгі күні Қазақстан Республикасы Ішкі істер министрлігінің қызметіне, оның ішінде қылмыстық сот өндірісіне және сотқа дейінгі іс жүргізу сатысында туындайтын мәселелерге хылықтың және БАҚ-тың қызығушылықтары күннен күнге артуда. Осыған байланысты БАҚ-тың іскерлік әрекеттерінің жоғарылауына заңның өркендеуі ғана емес, сонымен қатар құқық қорғау органы басшыларының баспасөз басылымдары мен басқа да БАҚ-қа деген көзқарастарының өзгеруі өз әсерін тигізеді анық (БАҚ қызметкерлеріне сұхбат беру, БАҚ пен құқық қорғау органдарының өзара іс-қимылын реттейтін құқықтық ереже әзірлеу, баспасөз орталықтарын құру және т. б).

Бүгінгі күнде дайындалып жатқан немесе жасалған қылмыстар туралы ақпараттарды алу мақсатында тергеушілер мен анықтау органының БАҚ өкілдерімен өзара іс-қимылын ұйымдастыру мәселелеріне қажетті көңіл бөлінбеуде деп айтса да болады. Себебі қазіргі таңда практикадағы құқық қорғау органдары қызметінің жариялылығы БАҚ-та ғана айтылады. Ал негізінде құқық қорғау органдары қызметінің жариялылығы өздерінің ішінен шығып, құқық қорғау қызметінің кәсіби сыңары болуы қажет. Халық олардың заңды әрекеттері, пайдасы, шығындары мен қателері туралы білуі керек.

Құқықтық сипаттағы кез келген басылымдар арқылы азаматтар құқық қорғау органдарының күштілігі мен әлсіздігі, әділдік жүйесінің тиімділігі, жеке тұлғалардың қорғалуының құқықтық кепілдемелері және өнегелілік бастамалардың ең маңыздыларының бірі ретінде әділдік қағидасын қоғамға бекіту туралы өз ой-пікірлерін білдіре алады. Баспасөз басылымдары оны оқитын адамдардың ішкі сезімдерінің теңдігін және олардың әділдік сезімдерін қанағаттандырып, ал кей жағдайларда керісінше оқырмандардың жан үйлесімсіздіктері мен ашу кернеуіне әкеп соғады.

Осы жерде жариялылық белгілері арқылы құқық қорғау органдары да өзін-өзі тазалау тәсілін іске асыратынына сенімдіміз. Алайда бұл жерде жариялылықты кеңейту барысында біреуді қаралаушылық, бір жақты шағымданушылық сияқты жағдайлардың орын алмауын ескеруіміз қажет. Осы тақырыпқа қатысты шолушы Ю.С. Феофанов былай деген: «Екпіннің дұрыстығы мен басылып шығарылған сөздің жауапкершілігі жаңа құқықтық ғимараттың сыңары болып табылады» [1].

Баспасөз басылымдарындағы, теледидар мен ғаламтордағы құқықтық тақырыптағы ақпараттарға Қазақстандық халықтың қызығушылықтары әлі де әлсіреген жоқ және бұл мерекелік қызығушылық емес, керісінше, қоғамның қолданыста жүрген заңның осы салада сақталуы бойынша туындаған мәселелерді реттеуге деген тілегін білдіреді.

В.И. Зажицкий өз еңбектерінде «Баспасөз басылымдары азаматтардың құқықтық сауаттылығының қайнар көзі болып табылады және олардың құқықтық санасын қалыптастыруда үлкен қызмет атқарады деп атап өткен. Осыған байланысты заң ережелері

дұрыс жарияланып, онда субъективтік болжамдар мен бұрмалаушылықтар болмауы керек. Өкінішке орай, мұндай жағдайлар жиі кездеседі» [2, 123].

Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде қылмыстың жағдайы туралы баспасөз басылымдары арқылы жариялауға жалпы шектеу қою көрсетілмегені белгілі. Бұған қоса сотқа дейінгі тергеп-тексеруді бастау себептерінің бірі бұқаралық ақпарат құралдарындағы хабар болып табылады (Қазақстан Республикасы ҚПК 180-б. 3-т). Алайда мұндай басылымдар сотқа қысым көрсету тұрғысынан қарастырылмауы керек. Сонымен бірге баспасөз қызметінің тергеушіге психологиялық әсер еті деп те түсінілмеуі керек. Себебі тергеушілер сот сияқты тәуелсіз және кәсіби жақсы дайындалған болып, сыртқы әсерге мойын бұрмауы қажет.

Енді тергеу практикасынан БАҚ арқылы қандай ақпараттарды жарыққа шығаруға болады, ал қандай ақпараттарды болмайды деген сұрақты қарастырайық. Себебі осы күнге дейін «рұқсат етілгеннің бәрін айтуға болады» деген ұстаным болса, ал бүгінгі күні «тыйым салынбағаннан басқаның бәрін айтуға болады» деген түсінік қалыптасқан. Әрине бұл жайт теорияда да және практикада да талас тудырып жатыр.

Сотқа дейінгі іс жүргізу деректерін жарыққа шығаруға салынатын тыйым нақты бір іс жүргізулік жағдайға байланысты болуы керек, яғни қылмыстық істің мән-жайларын жариялағаны үшін (егер жария етпеу туралы ескертілген жағдайда) немесе оларды қасақана бұрмалағаны үшін БАҚ-тың қызметкерлері анық және нақты қылмыстық немесе басқа да жауапкершілікке дейін тартылуы керек. Себебі алдын ала тергеу құжаттарының уақытынан бұрын немесе қате жариялануы (басылымға шығарылуы) істің пайдасына кері әсер ететіні анық. Баспасөздегі жалған басылым шығындары, оны жіберген автор мен редакторға ғана кері айналып қана қоймай, сонымен қатар тілшілердің мейірімді істеріне қарсы кері айналып, олар сынайтындардың пайдасына айналады.

Сонымен қатар БАҚ туралы заңды бұзғаны үшін жауапкершілік негіздері Қазақстан Республикасының «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» 1999 жылғы № 451 заңының 25-бабында көрсетілген, онда «Азаматтардың немесе ұйымдардың (мемлекеттік органның, азаматтардың қоғамдық, шығармашылық, ғылыми, діни не өзге де бірлестігінің және заңды тұлғалардың) ар-намысы мен қадір-қасиетіне нұқсан келтіретін, шындыққа сәйкес келмейтін мәліметтерді тарату, бұқаралық ақпарат құралдары арқылы сотқа ықпал жасау Қазақстан Республикасының заң актілерінде көзделген жауаптылыққа әкеп соғады» делінген.

БАҚ-тың көмегімен қылмысты тексеру мен қылмыстылықпен күресу белсенділігі туралы 70 жылдары В.Т. Томин., Н.И. Кулагин., Н.П. Митрохин және т. б. кеңестік заңгерлер көп жазған болатын [3, 96]. Олар тергеліп жатқан немесе тергелген қылмыстық іс құжаттарын басылымға шығаруға тыйым салуды қате деп есептеген. Сонымен қатар қылмыстық іс құжаттарының негізінде едәуір жағымсыз нәтижелері бар жекелеген түсірілімдерді радио мен теледидар арқылы көрсетуге тыйым салуды да қателік деп санаған. Бұл жағдайда барлық қылмыстар туралы әңгіме қозғалып тұрған жоқ, бірақ практикада жәбірленушілер, куәлар бірден анықталмай, сезіктілер мен ұрланған мүліктер бірден ізделмейтін жағдайлар да кездесетіні шындық. Осындай оқиғалар орын алған кезде БАҚ-пен ақпараттандырылған халықтың бағаланбас көмегінің тиері анық.

Осы жерде А.М. Качура мен Н.М. Якушинның айтқандарына көңіл аударуға тұрарлық, себебі олар «құқық қорғау қызметіндегі өткір мәселелерді шешудегі қоғамдық пікірді қалыптастыру мақсатында БАҚ-тың мүмкіндігі белсендірек қолданылуы керек», — деген (мысалы: магнитофонға басылып жазылған теңестірілген дауысты дәлелдеме ретінде тану үшін жалғандық детекторын пайдалану мүмкіндігі). Бұл дегеніңіз БАҚ-тың мүмкіндігін стратегиялық жоспарда қолдану болып табылады. Бірақ осы мақаланың авторларының көрсетуі бойынша аталған мүмкіндікті нақты қылмыстарды ашу мақсатында қолданатын уақыт келген [4, 30].

Алайда қазіргі уақытта Қазақстандық құқық қорғау органдары мен БАҚ арасындағы ақпараттық өзара іс-қимылдың екі жақтық теңдігін ұстап тұратын тиісті тұжырымдама жоқ. Сонымен бірге қазіргі кезде, әсіресе тәуелсіздігімізді алғаннан бері 2014 жылғы 4 шілдеде екінші рет қабылданған Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінде (мысалы, 183-б) құқық қорғау органдарының кәсіби мәртебесі мен әлеуметтік тартымдылығының қатынастық әрекетін құрайтын әдістемелік теориясы өз деңгейінде әзірленбегенін мойындау керек.

Сол себепті, біздің ойымызша, «Бұқаралық ақпарат құралдары туралы» Қазақстан Республикасы заңының ережелерінің талаптарына сәйкес сотқа дейінгі іс жүргізуге кәсіби қатысу мүмкіндігіне байланысты БАҚ-тың өкілдерінің құқықтық мәртебесін Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік заңының «Қылмыстық процеске қатысатын өзге де адамдар» 10-тарауына енгізуді дұрыс деп санаймыз.

Жариялауға жол берілмейтіндігі туралы Қазақстан Республикасының заңында белгіленген тәртіппен ескертілген тілшілер сотқа дейінгі іс жүргізудің немесе жабық сот талқылауының деректерін прокурордың немесе сотқа дейінгі іс жүргізуді жүзеге асыратын адамның келісуінсіз жарияласа, Қазақстан Республикасының қылмыстық кодексінің 423-бабы бойынша қылмыстық жауаптылық шаралары көрсетілген ереженің де болуы қажет. Жоғарыда көрсетілген ережені Қазақстан Республикасының қылмыстық-процестік кодексінің «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру жүргізудің жалпы шарттары» 24-тарауының «Сотқа дейінгі тергеп-тексеру деректерін жария етуге жол бермеу» 201-бабына енгізу қажет деп есептейміз.

Бүгінгі күнгі біздің еліміздегі демократия мен жариялылықты кеңейту жағдайында тергеушілер мен тілшілердің өзара іс-қимыл жасасу арқылы қызмет етуі оқырмандар мен көрермендердің алдында олардың моралдық, өнегелілік бастамаларының беделін көтеріп қана қоймай, құқық қорғау органдарына деген халықтың сенімін де арттыра түседі. Себебі халықпен әңгімелесуде, дұрыс ақпаратты хабарлау барысында көмек көрсетуді сұранған кезде тергеушілер мен тілшілерге үлкен міндеттер жүктеледі. Мұндай мәселелердің құқықтық реттелмеуі қылмыстық құқықтық тәжірибенің жарыққа шығуының алалығына жеткізері анық. Құқық қорғау органдары мен БАҚ-тың қызметі қоғамдық пікірдің қалыптасуына өз әсерін тигізеді. Сол үшін БАҚ өкілдерін тергеушілердің жұмысындағы тапсырмалар мен мәселелер бойынша ақпараттандырып, оларды үнемі оқыту керек. Ал практикадағы полиция қызметкерлері де тілшілердің кәсіби шеберліктерін арттыру мектептеріндегі сабаққа, қылмыстық құқықтық тақырыпта мамандандырылатын тілшілерді шақырып, олармен қылмыспен күресу мәселесіне байланысты теледидар мен баспасөз беттеріне шығарылатын «дөңгелек үстелдер» өткізілуі қажет.

Қазіргі уақытта жариялылық біздің қоғамымыздың демократиялық маңыздылығын көрсететін шарты мен өркендеу процесі ретінде қарастырылады. Бұған көп жағдайда тергеушілер, анықтаушылар мен прокуратура қызметкерлерінің БАҚ өкілдерімен тығыз қарым-қатынасы өзінің оң үлесін тигізері анық.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Сначала насчет законности // Шолушы Ю.С. Феофановтың ССРО Бас прокурорымен сұхбаты // Известия. 1988. 26 маусым.
2. В.И. Зажицкий «Акулы пера» и уголовное судопроизводство // Преступность и культура. — М., 1999. — 123 б.
3. Кулагин Н.П. Использование органами следствия средств массовой информации в профилактике преступлений: Учеб. пос. — Волгоград, 1971. — 95 б.; Митрохин Н.П. Законность и демократизм предварительного следствия. — Минск: Высш.школа, 1979. — 140-

142 б; Томин В.Т. Использование средств массовой информации в борьбе с преступностью: Учеб. пос. — Горький: Горьковск.высш. школа МВД СССР, 1976. — 96 б.

4. Качур А.М., Якушин Н.М. В условиях гласности и демократии // Сборник МВД СССР. — 1989. — № 4. — 30 б.

РЕЗЮМЕ

В статье рассматриваются проблемы организации взаимодействия органов следствия и дознания с представителями средств массовой информации, связанные с получением сведений по совершенным уголовным правонарушениям. Автор также акцентирует внимание на том, что запрет на публикацию данных досудебного производства должен быть связан с конкретной процессуальной ситуацией, то есть за разглашение обстоятельств уголовного дела (если лицо было предупреждено о неразглашении) или за умышленное искажение сведений о совершенных преступлениях представители СМИ должны нести уголовную или иную ответственность. Данная необходимость вызвана тем, что преждевременная или несоответствующая действительности публикация сведений досудебного производства будет иметь пагубные последствия для расследования уголовного дела.

RESUME

In this article considers the problems of organizing the interaction of investigative and inquiry bodies with representatives of the media related to obtaining information on committed criminal offenses. The author also focuses on the fact that a ban on the publication of pre-trial data should be related to a specific procedural situation, that is, for disclosing the circumstances of a criminal case (if a person was warned about non-disclosure) or for intentionally misrepresenting information about crimes committed. The media should be held criminally or otherwise liable. This need is due to the fact that premature or untrue publication of information on pre-trial proceedings will have detrimental consequences for the investigation of a criminal case.

УДК 343.985 (574)

Укасов Д.А., ученый секретарь, кандидат юридических наук, подполковник полиции

Дурнев А.А., магистрант Института послевузовского образования, майор полиции

Туяков Е.Е., преподаватель кафедры ОРД, подполковник полиции
(Карагандинская академия МВД РК им. Б. Бейсенова, г. Караганда, Республика Казахстан)

Некоторые аспекты профилактики краж и угонов автотранспортных средств

Аннотация. В статье рассмотрены криминологическая характеристика краж и угонов автотранспортных средств, особенности личности преступников, их совершивших. Выявлены и описаны причины и условия этих преступлений. Проанализировано состояние организации и осуществления профилактики краж и угонов автотранспортных средств, а также эффективность работы горрайорганов внутренних дел. Изучены вопросы взаимодействия аппаратов криминальной полиции, профилактической службы, следственных аппаратов, Управления дорожной полиции, дорожно-патрульной службы и участковых инспекторов полиции в профилактике краж и угонов автотранспортных средств. Рас-

смотрен положительный опыт деятельности правоохранительных органов по профилактике краж и угонов автотранспорта, определены возможности его внедрения в практику всех органов внутренних дел республики.

Ключевые слова: органы внутренних дел, кража, угон, автотранспортные средства, профилактика, личность преступника, взаимодействие, аппараты криминальной полиции, профилактическая служба, следственные аппараты, Управления дорожной полиции, дорожно-патрульная служба.

Предупреждение преступлений в сфере экономики представляет собой неотъемлемую часть социального управления и предполагает осуществление системы экономических, организационных, технических, правовых, воспитательных мер, направленных на нейтрализацию или снижение действия обстоятельств, обуславливающих совершение противоправных деяний, коррекцию личности правонарушителя [1, 210].

В 90-х гг. XX в. сформировались криминальные секторы теневой экономики, непосредственно связанные с экономической преступностью. К одному из таких секторов относят торговлю краденными автомобилями (включая поставки из стран Европы), значительная часть которых реализуется затем в странах ближнего зарубежья [2, 198]. Данные явления и сегодня представляют оперативный интерес.

Именно поэтому повышение профессионального мастерства оперативных сотрудников криминальной полиции в осуществлении общей и индивидуальной профилактики преступлений является одной из основных организационных проблем, требующей всесторонней научной разработки.

Результативность деятельности ОВД по профилактике краж и угонов автотранспортных средств, как и иных преступлений, во многом зависит от правильной постановки организаторской работы. В этом достаточно сложном управленческом процессе, включающем ряд взаимосвязанных организационных функций, основными являются анализ факторов данных преступлений, лиц, их совершивших, способствовавших им причин и условий, планирование и контроль за исполнением намеченных мероприятий, взаимодействие с другими службами и подразделениями.

Анализ исследовательского материала свидетельствует, что профилактическая деятельность, направленная на предупреждение рассматриваемых преступлений, находится не на должном уровне. Поэтому основное значение приобретает изыскание путей дальнейшего совершенствования этой деятельности, повышения эффективности деятельности всех служб ОВД в профилактике краж и угонов автотранспортных средств. Основываясь на данных всестороннего исследования, определена специфика мероприятий общей и индивидуальной профилактики краж и угонов. Первые из них направлены на устранение обстоятельств, в целом способствующих или облегчающих совершение краж и угонов автотранспорта на обслуживаемой территории, вторые — на выявление лиц, от которых, судя по достоверно установленным фактам, в частности их прошлому противоправному поведению, можно ожидать совершения этих преступных деяний, и воздействие на них. Особо следует отметить тех, кто уже совершал такие преступления.

Общая профилактика краж и угонов должна складываться из ряда взаимосвязанных стадий: сбора информации, ее аккумуляции и анализа, криминологического прогнозирования и на его основе планирования и осуществления предупредительных мероприятий.

Изучение практического опыта показало, что наиболее серьезным упущением в общепрофилактической деятельности является то, что большинство горрайорганов внутренних дел не осуществляет всесторонний и глубокий криминологический анализ краж и угонов автотранспорта, их непосредственных причин и способствующих им условий, тогда как

проведение такого анализа по отдельным территориям крайне необходимо, поскольку эти территории подчас весьма различны в плане оперативной обстановки.

Анализ материалов исследования позволяет утверждать, что в комплексе общепрофилактических мероприятий, направленных на предупреждение краж и угонов автотранспорта, важное место должны занимать меры технического характера. Речь идет, во-первых, об оборудовании автотранспортных средств индивидуальных владельцев надежными защитными приспособлениями (противоугонными устройствами), препятствующими самовольному завладению транспортом, и, во-вторых, об организации надежной охраны автотранспортных средств.

Сотрудники ОВД должны настойчиво пропагандировать и оказывали содействие в организации его охраны непосредственно владельцами.

Содержание индивидуально-профилактической деятельности по борьбе с кражами и угонами автотранспорта включает в себя многие из мер, осуществляемых сотрудниками горрайорганов внутренних дел в целях предупреждения и иных преступлений. Уточняя понятие объекта индивидуально-профилактического воздействия, необходимо обосновать точку зрения о том, что он должен быть расширен. В названный объект, наряду с отдельными категориями лиц, могущих совершить эти преступления, должна быть включена и определенная часть владельцев и водителей как наиболее возможных потерпевших от указанных преступлений. Считаем, что проведение индивидуально-профилактической работы одновременно в двух направлениях: во-первых, с лицами, от которых реально можно ожидать совершения преступлений, во-вторых, с владельцами (водителями), которые могут стать потерпевшими от преступлений, — не только повысит комплексный характер этой работы, но и в целом значительно улучшит эффективность профилактики.

Говоря о специальных индивидуальных мерах для непосредственного устранения негативных факторов, действующих в микросреде и формируют антиобщественные взгляды личности, следует отметить, что выявление микросреды, формирующих антисоциальную установку личности, — весьма сложный и детальный процесс. При организации и осуществлении этой деятельности первоочередное внимание должно быть обращено на выявление семей, которые оказывают отрицательное воздействие на личность, особенно на несовершеннолетних, формируя неуважение к чужому имуществу.

Важную роль в профилактике данных преступлений приобретают организационно-технические меры предупреждения угонов и хищений транспортных средств, к которым в первую очередь можно отнести: расширение сети платных охраняемых парковок и стоянок транспортных средств с доступными для большинства населения ценами за предоставление услуг; обязательное оборудование личного автотранспорта необходимым минимумом противоугонных средств и маркировка отдельных узлов и агрегатов автомашин в целях повышения уровня противоугонной технической оснащенности индивидуального автотранспорта; разработка и осуществление серии телепередач по вопросам использования технических средств для охраны автотранспорта и мест его содержания, организации охраны автостоянок, учета поведения граждан, оказавшихся потерпевшими или свидетелями преступления; подготовка материалов для средств массовой информации (местной печати, радио, телевидения) по вопросам предупреждения угонов и хищений транспортных средств, необходимости использования технических средств для предупреждения преступлений, связанных с транспортными средствами [3, 84].

Итак, применительно к ОВД скорейшего разрешения, по нашему мнению, требуют следующие вопросы:

– организационное становление института индивидуальной профилактики преступлений, его стабильность;

– обеспечение комплексного использования возможностей всей правоохранительной системы с привлечением актива общественности в своевременном выявлении лиц, от которых можно ожидать совершения преступлений, в том числе краж и угонов автотранспортных средств, в постановке таких лиц на соответствующие виды учета и проведении систематической воспитательной работы с ними; оказание действенной помощи со стороны МВД, ДП и других территориальных подразделений ОВД в успешном выполнении ими деятельности по индивидуальной профилактике преступлений и одновременно в усилении контроля за работой ГОРОВД в этом направлении.

Наиболее существенные мероприятия по совершенствованию предупредительной деятельности ОВД должны касаться методик криминологического изучения краж и угонов автотранспортных средств, криминологических «портретов» преступников, криминогенных комбинаций причинного комплекса краж и угонов автотранспорта, организации и тактики борьбы с указанными видами преступлений.

Список использованной литературы:

1. Предупреждение преступлений и административных правонарушений органами внутренних дел: Учебн. // Под ред. В.Я. Кикотя, С.Я. Лебедева. — М. 2009.
2. Криминология: Учеб. пос. / Г.И. Богуш и др.; под ред. Н.Ф. Кузнецовой. — М., 2009.
3. Белик Ю.С. Неправомерное завладение автомобилем или иным транспортным средством без цели хищения: проблемы предмета, квалификации и предупреждения: Монография. — Екатеринбург, 2006.

Түйін

Мақалада автотокөлік құралдарын ұрлау мен айдап кетудің криминологиялық сипаттамасы, оларды жасайтын қылмыскерлердің жеке тұлғаларының ерекшеліктері қарастырылған. Бұл қылмыстардың жасалу себептері мен жағдайлары анықталып зерделенген. Автотокөлік құралдарын ұрлау мен айдап кетудің профилактикасын ұйымдастыру мен жүзеге асыру ахуалы, сондай-ақ қалалық, аудандық ішкі істер органдарының жұмыс тиімділігі талданған. Криминалды полиция, профилактикалық қызмет, тергеу аппараттары, Жол полиция басқармасы, жол-патрульдік қызмет және учаскелік полиция инспекторларының автотокөлік құралдарын ұрлау мен айдап кету профилактикасы бойынша өзара іс-қимыл жасасу сұрақтары талқыланған. Автотокөлік құралдарын ұрлау мен айдап кету профилактикасы бойынша ішкі істер органдарының оңтайлы тәжірибесі зерделенген, оны барлық республикадағы ІО практикасына енгізу мүмкіндіктері анықталған.

RESUME

This scientific article discusses the criminological characteristics of thefts and thefts of motor vehicles, especially the identity of the criminals who committed them. The causes and conditions of these crimes are identified and described. The state of the organization and implementation of the prevention of thefts and thefts of motor vehicles, as well as the efficiency of the city's internal affairs agencies, are analyzed. The issues of the interaction of the criminal police apparatus, the preventive service, the investigative apparatus, the traffic police, the road patrol service and the local police inspectors in the prevention of thefts and thefts of motor vehicles were studied. The positive experience of the activities of the internal affairs bodies on the prevention of thefts and thefts of motor vehicles is considered, the possibilities of its implementation in the practice of all the internal affairs bodies of the republic are determined.

КӘСІБИ ДАЙЫНДЫҚТЫ ЖӘНЕ ҚҰҚЫҚ ҚОРҒАУ ҚЫЗМЕТІН ӘЛЕУМЕТТІК-ПСИХОЛОГИЯЛЫҚ ҚАМТАМАСЫЗ ЕТУДІ ЖЕТІЛДІРУ

СОВЕРШЕНСТВОВАНИЕ ПРОФЕССИОНАЛЬНОЙ ПОДГОТОВКИ И СОЦИАЛЬНО-ПСИХОЛОГИЧЕСКОГО ОБЕСПЕЧЕНИЯ ПРАВООХРАНИТЕЛЬНОЙ ДЕЯТЕЛЬНОСТИ

ӘОЖ 808.5

А.А. Абуталиева, жалпы заң пәндері кафедрасының аға оқытушысы, филология ғылымдарының кандидаты, полиция майоры

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

ІІО қызметкерін халықпен оңтайлы қарым-қатынас жасауға дағдыландыру әдістері

Аннотация. Мақала Қазақстан Республикасы Ішкі істер органдары қызметкерлерінің сөйлеу мәдениетінің өзекті тақырыбына арналған, ол қызметте олардың кәсіби қызметінің негізгі компоненттерінің бірі ретінде қарастырылған. Жұмыста құқықтық тәртіпті қорғау органдары қызметкерлерінің жалпы сөйлеу мәдениетінің кәсіби қарым-қатынас мәдениетімен байланысы көрсетілді, құқық қорғау органдары өкілдерінің кәсіби қарым-қатынас құзыреттері мен сөйлеу мәдениетінің нормативтік, коммуникативтік және этикалық аспектілерінің арақатынасы анықталды. Сөйлеу мәдениетінің ко

ммуникативтік және этикалық аспектілеріне ерекше назар аударылды. Ауызша кәсіби диалогта ақпараттық, бағалау және императивтік жанрлардың белгілерін біріктіру оны кешенді сөйлеу жанры ретінде саралауға мүмкіндік береді.

Негізгі сөздер: сөйлеу мәдениеті, паразит сөздермен күрес, сұрақ қою, қолдың қимылын пайдалану, актерлік шеберлік, пікір сайыстар, зайырлы әңгіме технологиясы, мәтінді оқу, әңгімелер айту жұмыстары.

Ішкі істер органдары қызметкерінің қызметінде адамдар арасындағы толық өзара түсіністікті қамтамасыз ететін қарым-қатынастың жоғары деңгейін меңгеруге ұмтылу ерекше назар аудару объектісі болуға тиіс, ал бұған қарым-қатынастың жоғары мәдениеті кезінде ғана қол жеткізуге болады.

Қызметкердің сөйлеу мәдениеті жеке тұлға мәдениетінің маңызды элементі болып табылады.

«Мемлекеттік қызметшілер мемлекеттік қызметтің беделіне нұқсан келтірмей, пікір-сайысты сыпайы нысанда жүргізуге тиіс» [1]. Қызметкер өзінің сөйлеуін, сөйлеу ырғағын және интонациясын қадағалап отыруы керек. Сөйлеу кезінде белгілі бір әлеуметтік немесе ұлттық топтарға қатысты дөрекі қалжың және мысқыл сөздер, «паразит» сөздер, тіл тигізу болып саналатын пікірлер, адамның кемтарлығына байланысты қорлау және ұятсыз сөздерді қолдануға болмайды.

Адамдарға деген жағымсыз, жиіркенішті қарым-қатынасты айрықшалайтын әдепсіз лексикалар мен көргенсіз сөздер, әріптестермен және азаматтармен қарым-қатынаста, жаргон сөздер мен қылмыстық субкультураның басқа да элементтерін қолдануға қатаң тыйым салынады, осылайша ІІО қызметкерінің қарым-қатынас мәдениеті, оның интеллигенттілігі

мен тәрбиесінің маңызды көрсеткіші бола отырып, «қызметтік міндеттерді тиімді шеше отырып, адамдармен өзара іс-қимыл жасасуға мүмкіндік беретін қызметкердің мінез-құлқы мен дағдыларының коммуникативтік қасиеттерінің қалыптасуының деңгейін білдіреді» [2, 38].

ПО қызметкерінің қарым-қатынас мәдениеті нақты коммуникативтік басқарушылық әрекеттерде көрінеді.

ПО қызметкері үшін қарым-қатынас мәдениетінің жоғары деңгейі нақты коммуникативтік іс-әрекеттерді жүзеге асыруда ептілік пен дағдыны жетік меңгеруді білдіреді. Ол мыналардан тұрады:

– кәсіби қарым-қатынас жағдайында өз алдына кешенді мақсаттар қою және алынған нәтижелерді рефлексивті ұғыну;

– қарым-қатынастың күрделі және экстремалды жағдайларында адамдардың мүмкін болатын мінез-құлқының сценарийін ойластырып жасау;

– дауды сауатты жүргізу. Қарым-қатынас бойынша серіктестерге жасына, мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына қарай әртүрлі сенімге кіруге және өзіне-өзі ие болуға;

– экстремалды жағдайларда азаматтардың түрлі категорияларымен (әсіресе кепілдікке алған, суицидке әрекет еткен және басқа да ерекше жағдайларда) салмақты және ақылға қонымды келіссөздер жүргізу;

– мүдделі және қажет болған жағдайда өзіне сұхбаттасушыларды тарта білу;

– адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, тіл мәдениетінің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық аспектілерін қоса алғанда, тілдің барлық құралдары мен мәнерлі ерекшеліктерін шебер және еркін қолдана отырып, өз ойларын сауатты және әдепті баяндау;

– БАҚ өкілдерімен, мемлекеттік және қоғамдық ұйымдармен қарым-қатынасты дұрыс құру және психологиялық оңтайландыру;

– өзінің қарамағындағыларға кәсіби түрде сын айту;

– қарым-қатынастың күрделі және экстремалды жағдайларында адамдардың ықтимал мінез-құлқының сценарийін ойластырып жасау;

– даулы жағдайлардан шығудың салмақты стратегиясын құру;

– адамдардың түрлі топтарымен, соның ішінде агрессивті топтармен әлеуметтік-бағытталған қарым-қатынасты шебер құру;

– азаматтардың түрлі категорияларымен: қылмыскерлермен, зардап шеккендермен, куәлармен және т. б. жеке-бағдарлы қарым-қатынасты дұрыс құру;

– азаматтарды зорлық-зомбылықтан және қауіп-қатерден қорғау мақсатында психологиялық, оның ішінде манипуляциялық әсердің барлық арсеналын қолдана білу;

– дауды, пікірталасты және диалогты сауатты жүргізу; қарым-қатынас бойынша серіктестерге жасына, мәртебесіне, әлеуметтік жағдайына қарай өзіне сенімді болу және қажет болған жағдайда әр түрлі сенім білдіру;

– қажет болған жағдайда дауда қолданылатын тәсілдер мен барлық арсеналды пайдалана отырып, дауда жеңіске жету;

– сұхбаттасушыларды қызықтырып, қажет болған жағдайда өзіне тарта білу;

– адамдармен қарым-қатынас жасай отырып, өз ойларын сауатты және әдепті түрде баяндау, тіл мәдениетінің лексикалық, фонетикалық және грамматикалық аспектілерін қоса алғанда, тілдің барлық құралдары мен мәнерлі ерекшеліктерін шебер және еркін пайдалану арқылы сөйлеу;

– өз қарамағындағыларын кәсіби түрде сынау;

– бастықтармен, бағыныштылармен, қызмет бойынша әріптестермен іскерлік және субординациялық өзара қарым-қатынасты тиімді құру;

– қызметтік ұжымдарда салауатты моральдық-адамгершілік қарым-қатынас жасау;

ПО қызметкерін халықпен оңтайлы қарым-қатынас жасауға дыландыру ...

– кәсіби қарым-қатынастың барлық жағдайларында әдептілік, қарапайымдылық, арнамысы мен қадір-қасиеті сияқты әдептілік пен адамгершілік мінез-құлық нормаларын сақтау.

Болашақ ПО қызметкерін мәдениетті сөйлеуге дайындау барасында практикалық сабақта қорқынышпен, санамен жұмыс істеу, көпшілік алдында сөз сөйлеу, дауысты қою, сөйлеу ақаулары, ұялшақтық, зиянды кеңестерді жою, мидың жұмысын үйлестіру, жадының барлық түрлерін белсендіңдіру, ойлау, вербалды, эмоциялық интеллект дағдылары жан-жақты оқытылады. Қызметкер кәсіби дағдыларды барынша нәтижелі және сапалы жұмыс істеу үшін игерілген материалдарды сауатты біріктіре алады. Оқыту кезінде тренинг тәртібінің арқасында білім алушы өзінің табиғи қасиеттерін дамыту үшін оған қажетті білім алу үрдісіне кіреді. Оқытушының, курсанттың, практикадағы немесе болашақ құқық қорғау қызметкерінің, оның ішінде жетекшінің табысты қызметі үшін салмақты кедергі болып табылатын негізгі сәттер – сахнада немесе жұрт алдында сөйлеу қорқынышы. Білім мен жаттығулардың арқасында сабақ барысында кедергілерді шешу, көзбен шолу, дауыспен жұмыс істеу, кідіріс жасау, паразит сөздермен күрес, сұрақ қою, қолдың қимылын пайдалану, актерлік шеберлік, пікір сайыстар, зайырлы әңгіме технологиясы, мәтінді оқу, әңгімелер айту жұмыстары жүргізілетін болады.

Риторика, актерлік, шешендік өнер курстарының жаттығуларынан алынған модуль, сөйлеу-дауыстық тренингтер тыңдаушыға оқыту үдерісімен бір мезгілде өз дағдылары мен нәтижелерін жақсартуға мүмкіндік береді. Шешендік шеберлік компоненттерімен танысу нәтижесінде оларды білу аудиториялар алдында табысты өнер көрсетуге, өз идеяларын жеткізуге мүмкіндік беріп қана қоймай, қарапайым өмірде де тыңдаушыны жарқын сөйлей алатын қызықты адам етеді.

Шешендік өнерді меңгеру оқу іскерлігімен тікелей байланысты, сондықтан сапалы нәтиже алу курсы жылдам оқу элементтері бар блоктармен толықтырылды. Оқу — бұл жақсы компонент, онсыз шешен болмайды. Шешен әдеттегі адамнан артық білуі керек. Шешен көп, тез және сапалы оқуы керек. Бірақ бір ғана оқу жеткіліксіз. Сөйлеуді, мәтінді, монологті қолдану үшін сөздерді іріктеп, тандап және оларды қолдана білу қажет. Қарапайым диалог үшін әңгімелесушіні тыңдай және ести білу, талдау, қиялмен, ассоциациялармен жұмыс істей білу, сондай-ақ айтылған үдерісті, алгоритмдерді түсіне білу қажет. Яғни оқуға түсу процесі тек бір кітап оқумен шектелмейді. Мәтінмен дұрыс жұмыс істеу үшін жадының барлық түрлерін іске қосу, қиял мен логиканы қосу қажет. Сабақ өткізу кезінде техника тұрғысынан оқу дағдысы пысықталады. Бас миының жұмысын үйлестіру жұмыстары жүргізіледі. Жылдам оқу элементтері бойынша тренинг — сабақтар ми жұмысын белсендіреді, осы арқылы зерттеу процесі жылдам, сапалы өтеді.

Шешендік өнер курсы әсерді күшейтуге және оқу үдерісіне терең еруге бағытталған. Курстың практикалық тренажерларының көмегімен жадының барлық түрлерінің жұмысын белсендендіру есебінен материалды түсінуге және жұмысқа қабілеттілікті арттыруға септігін тигізеді. Педагогтің басты міндеті: тыңдаушы оқудың берік және толыққанды дағдыларын меңгеруі тиіс. Оқу дағдысы — күрделі құбылыс. Ол екі жақты қалыптасады: мағыналық және техникалық.

Курсанттардың оқу материалын табысты игеруі үшін мағыналық оқудың маңызы қалыптасқан дағды барлық әмбебап оқу іс-әрекеттері мен пәндік іс-қимылдарының негізі болып табылады. Мағыналық оқу арқылы: іздену, түсіну, түрлендіру, түсіндіру, бағалау қалыптасады.

Оқу жылдамдығы мағыналық оқуды оқытуда маңызды рөл атқарады. Егер тыңдаушыларда оқу жылдамдығы төмен болса, олар оқу кезінде қателер жібереді: әріптерді, буындардың орнын ауыстырады, соңғы буындарын бұрмалайды, толық оқымайды, сөздердің

дыбыстық құрамын бұрмалайды және орфоэпиялық қиындықтар туады, бұл көп жағдайда оқығанды түсінуді қиындатады.

Оқу жылдамдығына өзін дамыту процесі де байланысты. Әдетте көп оқитын тыңдаушылар тез оқиды. Оқу барысында жедел жады мен назардың тұрақтылығы жетілдіріледі. Бұл екі көрсеткішке, өз кезегінде, ақыл-ойдың жұмыс қабілеттілігі байланысты. Оқу дағдысы ерте жаста қалыптасуы керек. Оқу жылдамдығын арттыруға ұмтылу керек, бірақ саналы, дұрыс, мәнерлі оқу керек. Нәтижесінде ересек жаста минутына орташа 200-250 сөз оқу керек.

Курс бағдарламасы курсанттардың кәсіби қызметінің тиімділігін арттыру үшін қажетті бірнеше маңызды факторларды дамытуға бағытталған: минутына 250-300 сөзге дейін оқу жылдамдығын арттыру, сөздік қорын арттыру, жалпы сауаттылықты арттыру, сөйлеу дағдылары (өз ойларын нақты, анық және әдемі қалыптастыру қабілеті), есте сақтау мен ойлауды дамыту, шоғырлануды жақсарту. Негізгі назар оқуға және өз қызметін ұйымдастыруға қабілет негіздерін қалыптастыруға бөлінеді. Оқу іскерліктері өз бетінше жаңа білім алу мүмкіндігін қамтамасыз етеді, ал одан әрі оқытудың келесі сатыларында өз бетінше білім алу және өз бетімен білім алу үшін негіз жасайды.

Полиция қызметкерінің басты қағидасы — азаматтармен мәдениетті сөйлесу. Азаматтың барлық айтылған ойы мұқият тыңдалып, оған нақты жауап қайтарылуы тиіс. Қажет болған жағдайда көшедегі құқық бұзушылықтың алдын алу немесе кезекшілік атқару кезінде қызметкер өзінің тегін, жұмыс орнын және қызметін сұраған адамға айтуы тиіс. Азаматтармен сөйлесу барысында астам өзімшілдік, дөрекілік мінез көрсету, ескертуді әдепсіз жасау, қорқыту, сөйлеушінің сөзін бөлу полиция қызметкерінің теріс қылықтарына жатады. Өз талаптарын, ойын полиция қызметкері әдепті және сенімді түрде жеткізе білуі тиіс. Азаматпен сөйлесу барысында полиция қызметкері шыдамдылық пен сабырлық танытуы қажет, сағаласуға жол бермей, дөрекілікке дөрекілікпен жауап бермеуі тиіс. Егер құқық бұзушы айтылған ескертулерге агрессивті жауап қайтарып отырса, оның сабырға келгенін күтіп, кейін тиісті заң тарауларына немесе құқықтық актілерге сілтеме жасай отырып, оның бұл әрекетінің заңға қайшы екендігін айтуы керек. Тек осы шаралардан кейін ғана тиісті хаттама толтырылып, бөлімге жеткізу немесе бостандығын шектеу шаралары қолданылуы тиіс.

Қорыта айтқанда, қандай да бір дәрежеде бейнелі, ақылды, әдепті сөйлей білу полиция қызметкерінің әлеуметтік жағдайының өлшемі және құрмет көрсетудің негізі болып табылады. Сөз сөйлеудегі сыпайылық, әдептілік әдептіліктің маңызды ережелерінің бірі болып табылады.

Пайдаланылған әдебиеттер тізімі:

1. Қазақстан Республикасы Мемлекеттік қызметшілерінің әдеп кодексі. 29.12.2015. № 153 Жарлық // <http://adilet.zan.kz/kaz/docs/U1500000153>.
2. Честь и долг сотрудника органов внутренних дел: Учебное пособие / Под общ.ред. проф. В.Я. Кикотя. — М.: ЦОКР МВД России, 2009.

РЕЗЮМЕ

Статья посвящена актуальной теме — культуре речи сотрудников органов внутренних дел Республики Казахстан, которая рассматривается как один из основных компонентов их профессиональной деятельности. В работе показана связь общей культуры речи сотрудников органов охраны правопорядка с культурой профессионального общения, определено соотношение компетенций профессионального общения представителей правоохранительных органов и нормативных, коммуникативных и этических аспектов культуры речи. Особое внимание было уделено коммуникативным и этическим аспектам культуры речи. Сочетание в уст-

ном профессиональном диалоге признаков информационных, оценочных и императивных жанров позволяет классифицировать его как комплексный речевой жанр.

RESUME

The article is devoted to a topical topic—the speech culture of employees of the internal Affairs bodies of the Republic of Kazakhstan, which is considered as one of the main components of their professional activity. The paper shows the relationship between the General speech culture of law enforcement officers and the culture of professional communication. The correlation between the professional communication skills of law enforcement officials and the normative, communication and ethical aspects of speech culture is determined. Special attention was paid to the communicative and ethical aspects of speech culture. The combination of informational, evaluative, and imperative genres in oral professional dialogue makes it possible to classify it as a complex speech genre.

ӘОЖ 355.55

Е.М. Махметов, әскери және арнайы-тактикалық даярлық кафедрасының оқытушысы

(Қазақстан Республикасы ІІМ Б. Бейсенов атындағы Қарағанды академиясы, Қазақстан Республикасы, Қарағанды қ.)

Полиция қызметкерлерінің атыс қаруын қолдану мәселелері

Аннотация. Мақала ішкі істер органдарының қызметкерлерінің қызметтік міндеттерін орындау кезінде атыс қаруын қолдануға психологиялық дайындығының (шешілуінің) кейбір өзекті мәселелеріне арналған. Автор Қазақстан Республикасының қолдануыстағы заңнамасы мен қызметтік практиканың ерекшеліктерін қарады және талдады, олар қызметте атыс қаруын қолдану қажеттілігі кезінде қызметкерлердің күмәні мен сенімсіздігі факторларын тудырады. Қару қолданатын полиция қызметкерлерінің психологиялық жағдайы қылмыстық жауапкершілікке тартылудан немесе ұзақ талқылаудың объектісі болудан қорқумен қиындайды. Осы теріс факторларды жою және азайту бойынша авторлық ұсынымдар ұсынылған (ең алдымен, тереңдетілген жаттығулар мен стандартты және стандартты емес қызметтік жағдайларда қаруды қолдануды практикалық пысықтау есебінен).

Негізгі сөздер: Құқық қорғау қызметі, арнайы-тактикалық даярлық, қару қолдану, атыс даярлығы, жеке қауіпсіздік, қару қолдану дағдылары, құқық бұзушыны ұстау, полицейлерді психологиялық дайындау.

